

**ҚАЗАҚТҰТЫНУОДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КАФЕДРАСЫ

**«ЭКОНОМИКА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
КҮНДІЗГІ ОҚУ БӨЛІМІНІҢ
БІТІРУ КУРСТАРЫ 4 КУРС ЖӘНЕ 3 ҚЫСҚАРТЫЛҒАН КУРС
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕ
БАҒДАРЛАМАСЫ**


ҚАРАҒАНДЫ – 2024

Өндірістік тәжірибе бағдарламасы аға оқытушысы К.Қ Ибитанова және э.ғ.к., доцент А.Т.Абдикаримова 01 наурыздағы Қазақтұтынуодағы ҚарУ-дің ПРВ-112-2024 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелері негізінде әзірледі.

Тәжірибе бағдарламасы «Экономика» білім бағдарламасы бойынша академикалық комитетінің отырысында талқыланды.

Хаттама №2 «10» мамыр 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі PhD, доцент



Невматулина К.А

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер	4
2. Тәжірибенің мақсаты мен міндеттері	4
3. Тәжірибенің объектілері мен өтетін орны	5
4. Тәжірибені ұйымдастыру	5
5. Тәжірибе жетекшісінің міндеттері	5
6. Студенттің міндеттері	6
7. Оқу тәжірибенің бағдарламасы	7
8. Оқу тәжірибенің есепті құрастыру бойынша әдіснамалық нұсқаулықтар	10
9. Тәжірибе нәтижесін қорытындылау	14
10. Қосымша	16

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. 27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтырулармен).

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен).

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.

5. Кәсіптік стандарт: «Ресурстарды жоспарлау және талдау саласындағы қызмет» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 26.12.2019 №263 бұйрығына №85 қосымша.

6. Қазтұтынуодағы ҚарУ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары, 2024ж.

2. ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Өндірістік тәжірибе – студент мамандық міндеттерін нақты, тәжірибеде жүзеге асыруы үшін базалық және профильдік циклдағы пәндер бойынша теориялық білімін нығайтуға бағытталған, студенттердің болашақ білім бағдарламасы бойынша кәсіби және ұйымдастырушылық жұмысының озат тәжірибесін игере отырып және тәжірибелік дағдыны үйренуі бойынша кәсіби тәжірибенің бір түрі.

Өндірістік тәжірибенің мақсаты - студенттердің оқитын білім бағдарламасы бойынша негізгі құзыреттерді, Тәжірибелік дағды мен кәсіби қызметтің тәжірибесін нақтылау.

Өндірістік тәжірибенің міндеттері:

1. Кәсіпорынның ұйымдастырылуымен, оның құрылымымен, кәсіпорын жұмысының ерекшелігімен және оның барлық бөлімдерінің басты қызметімен танысу.

2. Кәсіпорынның экономикалық жұмысын ұйымдастыруды зерттеу, осы жұмысқа сипаттама беру және оны жетілдіру бойынша өз ұсынысыңызды беру.

3. Әртүрлі материалдарды, құжаттарды, ақпараттарды қалыптастыру мен өңдеуге қатысу.

4. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты сұрақтары бар жиналастарға қатысу.

5. Тәжірибе бойынша есеп жасауға қажетті материалдарды іріктеу және оларды жүйелендіру.

3. ТӘЖІРИБЕҢІҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН ӨТЕТІН ОРНЫ

Тәжірибенің базасы болып оқитын мамандықтың пофиліне сәйкес ұйымдар (немесе ұқсас ұйымдар) саналады. Өндірістік тәжірибенің объектілері болып заңды тұлғалар - әртүрлі меншік иелігіндегі шаруашылық субъектілері бола алады. Бұлардың қатарына шағын, орта және ірі бизнестің мынадай үлгідағы субъектілері жатады: Акционерлік қоғамдар, ЖШС, өндірістік кооперативтер, аралас кәсіпорындар, фирмалар, ассоциациялар, бірлестіктер мен компаниялар жатады.

4. ТӘЖІРИБЕНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Студенттердің өндірістік тәжірибелерін ұйымдастыруды және оқу-әдістемелік басқаруды экономика және кәсіпкерлік кафедрасы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес білім алушыларда кәсіби маңызды іскерлікті қалыптастыруға және арнайы құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Университет атынан тәжірибе базасының кәсіби білім бағдарламасы мен қызметін жақсы білетін профессорлар, доценттер, тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.

5. ТӘЖІРИБЕ ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

5.1 Қазақтұтынуодағы ҚарУ-дің тағайындалған тәжірибе жетекшісі:

- тәжірибе басталғанға дейін студенттердің тәжірибеге қажетті даярлығын ұйымдастыруға, өндірістік тәжірибе бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізуге;
- өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар кестесін (**1-қосымша**) тәжірибе бағдарламасына сәйкес әзірлеуге, оны тәжірибе базасы – кәсіпорыннан тағайындалған тәжірибе жетекшісімен келісуге;
- студенттерді Шартта көрсетілген оның міндеттерімен таныстыруға;
- өндірістік тәжірибеге жіберу кезінде, білімгерге бағдарлама, өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесін, өндірістік тәжірибеден өту туралы күнделік-есепті (**1-қосымша**) беруге;
- тәжірибеден өтуге мерзімді бақылауды жүзеге асыруға;
- білімгердің тәжірибе базасы қызметкерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етуге;
- білімгердің тәжірибеден өту күнделіктерін толтыруына тексеру жүргізуге;
- қажет болған жағдайда кәсіпорын – тәжірибе базасы қызметкерлеріне, өндірістік тәжірибені ұйымдастыруда және өткізуде әдістемелік көмек көрсетуге;
- тәжірибе бойынша студенттер есептеріне тексеру жүргізуге;
- комиссиямен бірлесіп, өндірістік тәжірибеден өту туралы студент

есебін қорғауды қабылдауға міндетті.

5.2 Кәсіпорынның тәжірибе жетекшісінің міндеттері:

- жасалған екіжақты шарттар негізінде білім алушылардың практикасын ұйымдастыру (жоғары оқу орындары - кәсіпорын);

- білім алушыларға бағдарламаға сәйкес практика орнын ұсыну;

- тәжірибеден өтушілерге тәжірибе бағдарламасына, өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес білікті жетекшілікті жүзеге асыруға;

- білімгерге жұмыс қауіпсіздігі жағдайын (техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқаулар өткізумен) қамтамасыз ету және қажетті жағдайларда білімгерді еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуға;

- тәжірибеден өтушіге түсіндіруге және олардан жұмыстардың уақытылы және сапалы орындалуын талап етуге;

- тәжірибеден өтушіге баға қоюға, үлес салмағы қорытынды бағаның (тәжірибе күнделігі, **2-қосымша 4-форма**) 40%-ын құрайды;

- тәжірибе аяқтағаннан кейін әрбір Тәжірибеден өтушінің жұмысы (тәжірибе күнделігі, **4-қосымша 1-форма**) туралы жазбаша мінездеме беруге;

- жұмыс берушілерге арналған сауалнаманы толтыру (**4-қосымша**).

6. СТУДЕНТТИҢ МІНДЕТТЕРІ

- тәжірибе базасының бағынысына тәжірибеден өтуге белгіленген мерзімде келуі;

- өндірістік тәжірибе бағдарламасы мен өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесін толық орындауы (**1-қосымша**);

- тәжірибеден өту күнделік-есебін жүргізуі (**2-қосымша**), оған мыналар кіреді:

- тәжірибе базасы және жетекшілері туралы жалпы мәлімет (**2-форма**);

- кәсіпорыннан тағайындалған тәжірибе жетекшісінің студентке берген мінездемесі (**3-форма**);

- кәсіпорыннан тағайындалған тәжірибе жетекшісінің бағасы (**4-форма**).

- тәжірибе базасының қызметкерлері үшін міндетті, өндірістік тәжірибе орнында еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережесін, техника қауіпсіздігі мен өндірістік тәртіп ережесін сақтауы;

- Университеттен тағайындалған тәжірибе жетекшісіне өндірістік тәжірибеден өту туралы құжаттар пакетін:

- өндірістік тәжірибеге Жолдамаға «келу және кету туралы белгіні»;

- бүкіл тапсымалардың орындалғаны туралы тәжірибе базасының жетекшісі қол қойған күнделік-есепті;

- өндірістік тәжірибені ұйымдастыру сапасы және өту туралы сауалнаманы толтыру (**4-қосымша**);

- тәжірибе бағдарламасының орындалғанын көрсететін, тәжірибе туралы жазбаша есепті тапсыруы тиіс.

Өндірістік тәжірибе бойынша есептің бірінші бетін ресімдеу үлгісі (3-қосымшада) көрсетілген. Есептің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талап өндірістік тәжірибе бағдарламасында жазылған.

7. ТӘЖІРИБЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕ ӨТУ ТУРАЛЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ Атқарылатын жұмыс пен зерттелетін сұрақ бойынша тәжірибенің үлгілік ұзақтығы

№	Зерттеуге жататын сұрақтар атауы
1	Кәсіпорынның негізгі қызметінің көрсеткіштерін зерттеу
2	Кәсіпорынның негізгі капиталын талдау
3	Кәсіпорынның айналым капиталын бағалау
4	Кәсіпорынның еңбек ресурстары мен еңбекке ақы төлеу
5	Инвестициялық және инновациялық қызметімен танысу
6	Өндіріс және өнімді өткізу шығындары
7	Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі
8	Кәсіпорын өнімінің сапасын бақылауды ұйымдастыру және бәсекеқабілеттілікті қамтамасыз ету
9	Кәсіпорынның қаржы нәтижесі және тиімділік көрсеткіштері
10	Кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі бизнес - жоспарлауды қарастыру

1. Кәсіпорынның негізгі қызметінің көрсеткіштерін зерттеу

- 1.1 Кәсіпорын тарихымен және оны қалыптастыру тәртібімен танысу, оның ұйымдық-құқықтық формасына және меншік түріне сипаттама беру, кәсіпорынның миссиясын, мақсаты мен негізгі міндеттерін анықтау.
- 1.2 Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымын сызба түрінде көрсетіңіздер. Кәсіпорынды ұйымдастыру құрылымының типін анықтаңыздар. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің қызметімен және олардың өзара әрекетімен танысу. Экономистің (бас экономистің, талдаушының) лауазымдық нұсқауын зерттеу және оның көшірмесін есепке тіркеу.
- 1.3 Кәсіпорынның шаруашылық қызметін зерттеу: өндіріс типін, өнімді дайындаудың (қызметті көрсетудің, атқарылған жұмыстың) процессі мен технологиясын, кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттарын.
- 1.4 Кәсіпорынның шаруашылық қызметін реттейтін нормативтік құжаттарымен танысу: кәсіпорын жарғысымен, құраушы құжаттармен, келісімшартпен.

2. Кәсіпорынның негізгі капиталын талдау

- 2.1 Кәсіпорынның бухгалтерлік балансының «Айналыстан тыс активтері» атты бабымен танысыңыздар, негізгі қорды зерттеңіздер. Кәсіпорынның негізгі қорының құрылымын кесте түрінде рәсімдеңіздер (активті,

пассивті, материалды және материалды емес, олардың құндық бағасы) және соңғы 2-3 жылдағы динамикасын көрсетіңіздер. Салыстырмалы талдау жасаңыздар.

- 2.2 Негізгі қорды пайдаланудың негізгі тиімділік көрсеткіштерін есептеңіздер: қорқайтарымы, қорсыйымдылығы, қорқарулануы, қоррентабельділігі; коэффициенттер: негізгі қорды пайдаланудың интенсивті және экстенсивті, жарамдылық, енгізу, шығу, өсім, ауысым, жүктеу коэффициенттері.
- 2.3 Зерттеліп отырған кәсіпорынның тозуын зерттеу және оның түрлері. Кәсіпорын үшін материалдық және моральдық тозу факторларын анықтау. Негізгі қорды жөндеу мен жаңғырту процесі қалай жүзеге асырылатынына сипаттама беріңіз.
- 2.4 Кәсіпорында қолданылатын амортизацияны есептеу әдістеріне сипаттама беріңіз. Жылдық амортизация нормасын, амортизациялық аударымның ай сайынғы сомасын есептеңіздер.

3. Кәсіпорынның айналым капиталын бағалау

- 3.1 Кәсіпорынның бухгалтерлік балансының «Айналым активтері» атты бабымен танысып шығып, айналып қорын зерттеңіздер. Айналым қорының құрылымын және олардың құндық бағасын (өндіріс аясында, айналыс аясында) сипаттайтын кесте құрастырыңыздар. Оның соңғы 2-3 жылдағы серпінін көрсетіңіздер. Мәліметтерді талдаңыздар.
- 3.2 Айналымдылық және айналым қорын пайдалану көрсеткіштерін есептеңіздер: айналымдылық және жүктеу коэффициентін, бір айналымның ұзақтығын күн есебінде.
- 3.3 Кәсіпорынның айналым қорына қажеттілігін анықтау. Кәсіпорында қолданылатын айналым қорына қажеттілікті анықтау әдістеріне сипаттама беріңіздер.
- 3.4 Кәсіпорынның өндіріс қорын және қорды нормалау әдістерін зерттеңіздер.

4. Кәсіпорынның еңбек ресурстары мен еңбекке ақы төлеу

- 4.1 Кәсіпорынның кадрлық саясатын, персоналды басқару тұжырымдамасымен (персоналды қабылдау, таңдау, босату) танысу.
- 4.2 Кәсіпорын персоналының сандық (тізімдік, орташа тізімдік және жұмысқа келгендер саны) және сапалық (білімі, біліктілігі, кәсіби өтілі және т.б.) сипаттамасын зерттеңіздер.
Еңбек өнімділігін, өнімділікті, еңбек сыйымдылығын және коэффициенттерді: кадрларды қабылдау және шығару, кадрлардың ағымдылық коэффициенттерін есептеу.
- 4.3 Өртүрлі категориядағы жұмысшылардың (бөлімше мысалында) лауазымдық оклады бекіту тәртібін және тарифтік ставкаларын зерттеу, оларды бекіту әдісін қарастырыңыздар, сәйкес материалдарды тіркеңіздер.

- 4.4 Кәсіпорын жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру (ынталандыру) ережелерімен танысыңыздар, белгілі мерзімге әртүрлі категориядағы жұмыскерлердің еңбекақысын есептеу. Жасаған есептеулеріңізді және оларға берілген түсініктемелеріңізді тіркеңіздер.

5. Инвестициялық және инновациялық қызметімен танысу

- 5.1 Кәсіпорынның инвестициялық қызметін, инвестициялық қаржыландыру көздерін зерттеу. Инвестициялық жобалар туралы, олардың мазмұны, даму кезеңдері және іске асырылуы туралы танысу.
- 5.2 Кәсіпорынның инвестициялық стратегиясын қарастырыңыз. Инвестициялық жобаның үзіліссіз нүктесін және өтелу мерзімін есептеңіз (егер инвестициялық жоба және ақпаратқа қолжетімділік бар болса).
- 5.3 Инновациялық процесті, инновацияларды құрылымдауды және басқаруды зерттеу
- 5.4 Кәсіпорындағы инвестициялық және инновациялық жобалар портфелін қалыптастыру үдерісін қараңыз.

6. Өндіріс және өнімді өткізу шығындары

- 5.1 Кәсіпорынның бухгалтерлік балансының «Шығыс» бабын зерттеңіздер. Ағымдағы кезеңге кәсіпорын шығынының түрлерін талдаңыздар.
- 5.2 Кәсіпорын шығынына әсер ететін факторларды (көлемінің, құрылымының, бағаның, сапаның және басқалардың өзгеруін) есептеңіздер. Құжатталған шығындардың әдістерін зерттеңіздер.
- 5.3 Өзіндік құнды жоспарлауды зерттеңіздер, өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдістерін қарастырыңыздар.
- 5.4 Өнімнің (қызметтің) бір данасына шаққандағы шығындардың калькуляциясын құрастырыңыздар, шығын сметасы мен есептеулеріңізді тіркеңіздер.

7. Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі

- 6.1 Кәсіпорынның маркетингтік қызметін, өткізуді таңдау және өткізу стратегиясын зерттеңіздер.
- 6.2 Тауарды (қызметті) өткізудің негізгі әдістерін зерттеңіздер. Аталмыш әдістердің және жарнама қызметінің тиімділігін есептеңіздер.
- 6.3 Кәсіпорынның өндірістік бағдарламасының негізгі бөлімдерімен танысып шығыңыздар. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығын сипаттайтын көрсеткіштерді есептеңіздер және талдау жасаңыздар.
- 6.4 Өнімді өткізуді және бөлуді ынталандыру және басқару мәселелерін зерттеңіздер.

8. Кәсіпорын өнімінің сапасын бақылауды ұйымдастыру және бәсекеқабілеттілікті қамтамасыз ету

- 7.1 Зерттеліп отырған кәсіпорын тауарының (қызметінің) сапасын анықтайтын факторларды зерттеңіздер. Компания мен өнімнің бәсекелік

- басымдылықтарына сипаттама беріңіздер.
- 7.2 Аталмыш кәсіпорынның стандарт түрлерін (ұлттық стандарттар, халықаралық стандарттар, ИСО - 9000, 14000 серияларының стандарттары, сапа «циклін») зерттеңіздер. Кәсіпорынның өнім сапасын басқару жүйесін (СБЖ) қарастыру.
 - 7.3 Бағаны жоспарлау және реттеу механизмін зерттеу. Кәсіпорынға бағаны бекіту әдісін қарастыру.
 - 7.4 Техникалық бақылау қызметінің құрылымы мен міндетін зерттеу. Ақаудың түрлері мен себептері бойынша жіктелуін қарастыру. Техникалық бақылауды ұйымдастыруды жетілдіру жолдарын ұсыну.

9. Кәсіпорынның қаржы нәтижесі және тиімділік көрсеткіштері

- 8.1 Кәсіпорынның қаржы ресурстарын, кәсіпорындағы қаржылық қатынастың пайда болу формаларын зерттеңіздер. Кәсіпорынның қаржылық қызметін ұйымдастырумен танысыңыздар.
- 8.2 Кәсіпорынның қаржылық жоспарының жүйесін зерттеу. Кәсіпорынның балансының кірісі және шығысын, оларды құру әдіснамасын зерттеу.
- 8.3 Кәсіпорынның қаржы ресурстарын қалыптастыру көздерімен және қарыздық қаржыны, несиені алу тәсілімен танысып шығыңыздар.
- 8.4 Қаржылық тұрақтылық және экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеңіздер: өнім рентабельділігі, табыс, пайда, түсім, шығын, жойылу және басқа да (шаруашылық субъектісіне байланысты) көрсеткіштер.

10. Кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі бизнес - жоспарлауды қарастыру

- 10.1 Кәсіпорындағы жоспарлау процесін зерттеу: жоспарлау схемасы, кәсіпорында жоспарларды әзірлеу және бекіту. Кәсіпорынның ішкі ортасы мен ішкі мүмкіндіктерін талдау - кәсіпорынның SWOT-талдауын жасау.
- 10.2 Кәсіпорында ағымдағы және операциялық жоспарлауды ұйымдастыруымен танысыңыз. Жылдық жоспарларды, олардың құрылымын оқып шығыңыз. Операциялық-өндірістік жоспарды, олардың типтерін, әртүрлі өндіріс түрлері үшін өндірістік-өндірістік жоспарын таңдау және негіздеу әдістерін қарастырыңыз.
- 10.3 Бизнес-жоспардың негізгі бөлімдерінің құрылымын, мазмұнын қарастырыңыз. Кәсіпорындағы бизнес-жоспардың орындалуын қарап шығыңыз

8. ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА БОЙЫНША ЕСЕПТІ ҚҰРАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСНАМАЛЫҚ НҮСҚАУЛЫҚТАР

1. Кәсіпорынның негізгі қызметінің көрсеткіштерін зерттеу

Аталмыш бөлімді қарастыру үшін мыналарды зерттеу қажет:

- кәсіпорынның толық атауы (қысқартылған, шет тілде), орналасқан мекен жайы, пайда болу тарихы мен тәртібі;

– кәсіпорын миссиясы, оның қызметінің мақсаты мен түрі кәсіпорынды құраушы құжаттардың негізінде, сондай-ақ арнайы сайт көмегімен талданады.

Кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық формасын және меншік формасын көрсетіңіздер. Аталмыш құрылымды және кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымының типін анықтаңыздар. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімінің қызметімен және олардың өзара әрекетімен танысыңыздар. Экономистің (бас экономистің, талдаушының) лауазымдық нұсқаулығын зерттеңіз және есепке тіркеңіздер.

Кәсіпорынның нормативтік құжаттарымен танысып шығып, кәсіпорынның шаруашылық қызметіне сипаттама беру қажет: өндіріс типіне, өнімді дайындау (қызметті көрсету, жұмысты атқару) процесі мен технологиясына, кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттарына.

2. Кәсіпорынның негізгі капиталын талдау

Аталмыш бөлім үшін кәсіпорынның бухгалтерлік балансының «Айналымнан тыс активтер» бабымен танысып шығу қажет. Кәсіпорынның негізгі қорын зерттеңіздер.

Салыстырмалы талдау жасау үшін келесі көрсеткіштер бойынша соңғы 2-3 жылдың ақпараттарын жинау қажет: негізгі қордың жалпы құрылымы, активтер мен пассивтердің жағдайы, материалдық және материалдық емес қорлар.

Негізгі қорды пайдаланудың негізгі тиімділік көрсеткіштерін есептеңіздер: қорқайтарымы, қорсыйымдылығы, қорқарулануы, қоррентабельділігі; коэффициенттер: негізгі қорды пайдаланудың интенсивті, экстенсивті көрсеткіштері, жарамдылық, жаңарту, шығу, өсім, ауысым, жүктеме коэффициенттерін.

Зерттеліп отырған кәсіпорынның негізгі капиталының тозуын және оның түрлерін анықтаңыздар. Кәсіпорын үшін материалдық және моральдық тозу факторларын айқындаңыздар. Негізгі қорды жөндеу мен жаңғыртуды жүзеге асыру қалай жүргізілетініне сипаттама беріңіздер.

Кәсіпорында қолданылатын амортизацияны есептеу әдістеріне сипаттама беріңіз. Жылдық амортизация нормасын, амортизациялық аударымның ай сайынғы сомасын есептеңіздер.

3. Кәсіпорынның айналым капиталын бағалау

Аталмыш бөлім үшін кәсіпорынның бухгалтерлік балансының «Айналым активтері» атты бабымен танысып шығу қажет. Осы ұйымның айналым қорын зерттеңіздер. Айналым қорының құрылымын және олардың құндық бағасын (өндіріс аясында, айналыс аясында) сипаттайтын кесте құрастырыңыздар. Оның соңғы 2-3 жылдағы серпінін көрсетіңіздер. Мәліметтерді талдаңыздар.

Айналымдылық және айналым қорын пайдалану көрсеткіштерін есептеңіздер: айналымдылық және жүктеу коэффициентін, бір айналымдылық ұзақтығын күн есебінде. Кәсіпорынның айналым қорына

қажеттілігін анықтау. Кәсіпорында қолданылатын айналым қорына қажеттілікті анықтау әдістеріне сипаттама беріңіздер. Кәсіпорынның өндіріс қорын және қорды нормалау әдістерін зерттеңіздер.

4. Кәсіпорынның еңбек ресурстары мен еңбекке ақы төлеу

Кәсіпорынның кадрлық саясатын, персоналды басқару тұжырымдамасын (персоналды қабылдау, таңдау, босату) қарастырыңыздар. Кәсіпорын персоналының сандық (тізімдік, орташа тізімдік және жұмысқа келгендер саны) және сапалық (білімі, біліктілігі, кәсіби өтілі және т.б.) сипаттамасын зерттеңіздер. Еңбек өнімділігін, өнімділікті, еңбек сыйымдылығын және коэффициенттерді: кадрларды қабылдау және шығару, кадрлардың ағымдылық коэффициенттерін есептеңіздер.

Әртүрлі категориядағы жұмысшылардың (бөлімше мысалында) лауазымдық окладын бекіту тәртібін және тарифтік ставкаларын зерттеу, оларды бекіту әдісін қарастырыңыздар, сәйкес материалдарды тіркеңіздер.

Кәсіпорын жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру (ынталандыру) ережелерін зерттеңіздер, белгілі мерзімге әртүрлі категориядағы жұмыскерлердің еңбекақысын есептеу. Жасаған есептеулеріңізді және оларға берілген түсініктемелеріңізді тіркеңіздер.

5. Инвестициялық және инновациялық қызметімен танысу

Кәсіпорындағы инвестициялық және инновациялық жобалар портфелін қалыптастыру үдерісін қараңыз. Ол үшін қаржыландырудың жеке жоспарын, кәсіпорын қабылдаған жұмыстарды қабылдау және беру актілерін тексеріңіз. Кәсіпорынның инвестициялық қызметін, инвестициялық қаржыландыру көздерін зерттеу. Инвестициялық жобалар туралы, олардың мазмұны, даму кезеңдері және іске асырылуы туралы оқыңыз.

Кәсіпорынның инвестициялық стратегиясын қарастырыңыз. Кәсіпорынның стратегиялық жоспарымен Инвестициялық жобаның өтелу мерзімі және жоғалтудың нүктесін есептеңіз (егер жобаның жобасы және ақпаратқа қолжетімділік бар болса).

Инновациялық процесті, инновацияны құрылымдауды және басқаруды үйреніңіз.

Кәсіпорындағы инвестициялық және инновациялық жобалар портфелін қалыптастыру үдерісін қараңыз. Ол үшін қаржыландырудың жеке жоспарын, кәсіпорын қабылдаған жұмыстарды қабылдау және беру актілерін тексеріңіз.

6. Өндіріс және өнімді өткізу шығындары

Кәсіпорынның бухгалтерлік балансының «Шығыс» бабын зерттеңіздер. Ағымдағы кезеңге кәсіпорын шығынының түрлерін талдаңыздар. Кәсіпорын шығысының баптары бойынша (материалдық, еңбекақы төлеу шығындары, амортизациялық аударымдар және басқа да шығындар) талдау жасаңыздар. Шығынның әрбір түрінің үлес салмағын процентпен есептеңіздер және диаграммасын құрыңыздар. Ол үшін мынадай құжаттармен танысып шығыңыздар: еңбекақы төлеу қорының шығынымен, негізгі қор мен

қорларды (запастарды) өндірістен шығарумен, басқа да қызметтер қорымен, негізгі қордың амортизациялық ведомостымен.

Кәсіпорын шығынына әсер ететін факторларды (көлемінің, құрылымының, бағаның, сапаның және басқалардың өзгеруін) есептеңіздер. Құжатталған шығындарды бөлу әдістерін зерттеңіздер. Көрсетілген қызмет, шот-фактура, ТМЗ мен қызметтерді өткізуге көрсетілген актілермен танысу.

Өзіндік құнды жоспарлауды зерттеңіздер, өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдістерін қарастырыңыздар. Алдымен кәсіпорынның шартты-тұрақты және шартты-ауыспалы шығындарын анықтаңыздар.

Өнімнің (қызметтің) бір данасына шаққандағы шығындардың калькуляциясын құрастырыңыздар, шығын сметасы мен есептеулеріңізді тіркеңіздер.

7.Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі

Кәсіпорынның маркетингтік қызметін, өткізуді таңдау және өткізу стратегиясын зерттеңіздер.

Тауарды (қызметті) өткізудің негізгі әдістерін зерттеңіздер. Аталмыш әдістердің және жарнама қызметінің тиімділігін есептеңіздер. Ол үшін жарнама қызметінің шығындарымен танысып шығыңыздар.

Кәсіпорынның өндірістік бағдарламасының негізгі бөлімдерімен танысып шығыңыздар. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығын сипаттайтын көрсеткіштерді есептеңіздер және талдау жасаңыздар.

Өнімді өткізуді және бөлуді ынталандыру және басқару мәселелерін зерттеңіздер.

8. Кәсіпорын өнімінің сапасын бақылауды ұйымдастыру және бәсекеқабілеттілікті қамтамасыз ету

Аталмыш тақырыпты зерттеу кезінде алдымен өнім сапасының ұғымымен танысып шығу қажет.Бұл жерде өнім сапасына әсер ететін факторларды анықтауға басты назарды аудару керек. Өнім сапасының көрсеткіштер жүйесін, сапаны техникалық бақылауды ұйымдастыру қалай жүзеге асырылатынын анықтаңыздар. Техникалық бақылау қызметінің құрылымы мен міндетін зерттеңіздер.

Сапа менеджментінің негізгі жүйесін анықтаңыздар. ИСО 9000 сапаны басқару стандартының жүйесін қарастырыңыздар. TQMсапаны басқару стандартының жүйесін қарастырыңыздар.

9. Кәсіпорынның қаржы нәтижесі және тиімділік көрсеткіштері

Қызметтің қаржылық нәтижесі бөлімімен танысқан кезде, алдымен кәсіпорынның қаржылық (инвестициялық) саясатын зерттеу қажет. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау үшін қолданылатын әдістерін зерттеу. Кәсіпорынның пайдасын (шығынын), қалыптасу тәртібін, пайданы бөлуін, рентабельділік көрсеткіштерін есептеуін және талдауын анықтау. Жойылу, айналымдылық, төлем қабілеттілік, оларды есептеу және талдау көрсеткіштерін зерттеу.

Кәсіпорынның негізгі өндірістік-экономикалық көрсеткіштеріне серпінді талдау жасау. Кәсіпорынның негізгі қорын, олардың құрамын және қалыптасу тәртібін қарастыру. Негізгі қорды арттырудың басты көздерін, жаңарту, шығару және тозу (жалпы, мүмкіндігі бойынша, қызметтің түрі бойынша) көрсеткіштерін айқындаңыздар. Кәсіпорынның айналым құралдары, олардың құрамы және қозғалысы. Айналым қорының айналымдылық көрсеткіштері.

Экономикалық талдаудың нәтижесі бойынша жалпы қорытынды жасау.

10.Кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі бизнес - жоспарлауды қарастыру

Бұл бөлімді оқығанда, кәсіпорында бизнес-жоспарлаудың мәні мен мазмұнын, мазмұны мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Бизнесі жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін сипаттау, кәсіпорында бизнесі жоспарлау процесін ұйымдастыру. Бизнесі басқарумен байланысты қандай міндеттерді анықтау, бизнес-жоспарларды дайындау мен іске асыруды шешуге мүмкіндік береді. Басқарудың негізгі бағыттары бизнес-жоспарларды қолдану оңтайлы басқару шешімдерін қабылдауға ықпал етеді. Кәсіпкерліктегі бизнес-жоспарлау жүйесінің негізін құрайтын бизнес-жоспарлардың қандай түрлерін біліңіз. Бизнес-жоспарлау жүйесінің негізгі элементі болып табылатын бизнес-жоспардың түрін анықтаңыз. Кәсіпорындағы бизнесі жоспарлаудың жалпы жүйесінде жобалардың бизнес-жоспарлары шешетін тапсырмаларды көрсетіңіз. Бизнесі басқару процесін іске асыруда мақсатты бизнес-жоспарлардың рөлін анықтаңыз.

Есептің көлемі жазу машинасы мәтіні бойынша 40 беттен кем болмауы керек және ол 14 (Times New Roman) шрифті бойынша 1 интервал сайын баспаланады. Абзацтық шегіну мөлшері 1 см құрайды. Есеп мәтіні қатаң түрде келесідей талаптарға сәйкесмәсімделеді: мәтін А4 форматтағы стандартты беттің бір жағына түсінікті етіп келесідей шектер бойынша: оң жақтан – 1 см, сол жақтан – 3 см; жоғары жақтан – 2см, төмен жақтан – 2,5 см, барлық беттер нөмірленеді және мазмұнында көрсетіледі. Беттерді нөмірлеу алмаспау қажет, Нөмір араб цифрларымен беттің төменгі жағына ортасында белгіленеді. Тәжірибе нәтижесі бойынша білім алушы есепті белгіленген кафедраға тапсырады, ол болса ФП-112-12 формадағы студенттердің кәсіби тәжірибе өту туралы журналына тіркеледі және университет тарапынан жетекшімен тексеріледі.

9. ТӘЖІРИБЕНІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Студент тәжірибені өткені туралы есебін кафедра меңгерушісінің ұйғарымымен жасаған комиссияның алдында қорғайды.

Тәжірибеге келмеген, тәжірибе бағдарламасын орындамаған, жұмысы туралы теріс пікір немесе тәжірибе жетекшісінің кәсіпорыннан қанағаттанғысыз бағасын алған немесе есепті қорғағанда, есепті

уақытында тапсырмаған студент қайта оқу курсына немесе жазғы семестрге жіберіледі.

Есепті қорғау нәтижесі балдық-рейтингтік, әріптік жүйе бойынша бағаланады. Тәжірибе бойынша қорытынды бағаның 40% кәсіпорынның Тәжірибе жетекшісінің бағасы және 60% есепті қорғау бойынша комиссияның бағасы арқылы есептелінеді.

10. ҚОСЫМША

1 қосымша - Кәсіптік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесі

Ф.П-112-05

БЕКІТЕМІН Экономика және кәсіпкерлік кафедрасының меңгерушісі PhD, доцент _____ К. А. Невматулина « ____ » _____ 20__ ж.	КЕЛІСІЛДІ Кәсіптік тәжірибе жетекшісі _____ _____ Т.А.Ә. « ____ » _____ 20__ ж.
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------

Тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесі

_____ БББ _____ тобы
_____ курс білімгері _____
(Т.А.Ә.)

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

№	Бағдарламаға сәйкес орындау (зерделеу) қажет жұмыстар тізбесі	Тәжірибе бағдарламасының орындалу мерзімдері		Ескерту
		басталуы	аяқталуы	
1				
2				
3				

Т.А.Ә. қолы _____
(кафедрадағы тәжірибе жетекшісі)

« ____ » _____ 20__ ж.

2 Қосымша Тәжірибе өту есеп - күнделігі/дневник отчет прохождения
практики

Ф.П-112-06
Форма 1

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
КАЗПОТРЕБСОЮЗА**

_____кафедрасы/кафедра

_____тәжірибе өту

**ЕСЕП - КҮНДЕЛІГІ
ДНЕВНИК - ОТЧЕТ**

Прохождения _____практики

Студент/студента _____
(тегі, аты, әкесінің аты/ фамилия, имя, отчество)

_____курсы/курса _____тобы/группы

_____оқу түрі/формы обучения

БББ/ ОП _____

ҚАРАҒАНДЫ 20_____

**ТӘЖІРИБЕ БАЗАСЫ ЖӘНЕ ЖЕТЕКШІСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ
МӘЛІМЕТТЕР**
ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ О БАЗЕ И РУКОВОДИТЕЛЯХ ПРАКТИКИ

Тәжірибенің өту орны/место прохождения практики

(ұйымның, кәсіпорынның атауы/наименование организации, предприятия)

Тәжірибенің басталуы/начало практики _____

Тәжірибенің аяқталуы/окончание практики _____

Кәсіпорыннан (кәсіпорын атынан) тәжірибе жетекшісі (аты-жөні, тегі, лауазымы, білімі, еңбек өтілі)/Руководитель практики от предприятия

(фамилия, имя, отчество, должность, образование, стаж работы)

Университеттен (университет атынан) тәжірибе жетекшісі(аты-жөні, тегі, лауазымы, ғылыми дәрежесі)/ Руководитель практики от университета

(фамилия, имя, отчество, должность, ученая степень)

Студентті кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің сипаттауы
Характеристика студента от руководителя практики предприятия

Т.А.Ә.қолы/Ф.И.О подпись_____

Кәсіптік тәжірибе бойынша бағалау
Оценка по профессиональной практике

Студенттің кәсіптік тәжірибесінің кәсіпорыннан жетекшісі кәсіптік тәжірибеден өтуін кестеге сәйкес бағалауы қажет.

Руководителю преддипломной практики студента от предприятия необходимо оценить прохождение преддипломной практики в соответствии с таблицей.

Әріптік жүйе бойынша бағалау Оценка по буквенной системе	Әріптік бағалаудың цифрлық баламалары Цифровые эквиваленты буквенной оценки	Меңгерілген білімнің пайыздық құрамы Процентное содержание усвоенных знаний	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау Оценка по традиционной системе
A	4,0	95-100	Өте жақсы Отлично
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы Хорошо
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық Удовлетворительно
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0	26-49	Қанағаттанарлықсыз Неудовлетворительно
F	0	0-25	

Кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің бағасы/оценка руководителя практики от предприятия _____

Тәжірибе жетекшісінің аты-жөні, лауазымы/Ф.И.О. руководителя практики, должность _____

Қолы/Подпись _____ **М.П.**

« _____ » _____ 20 ____ г.

3 Қосымша -Жазбаша есептің титул беті/Титульный лист письменного отчета по практике

**ҚАЗҒҰСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАУЫМ АКАДЕМИЯСЫ
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
КАЗПОТРЕБСОЮЗА**

**Өндірістік тәжірибе өту
ЕСЕБІ
ОТЧЕТ**

Прохождения производственной практики

Студент/студента _____
(тегі, аты, әкесінің аты/ фамилия, имя, отчество)

Тобы/группа _____

Тәжірибенің өту орны/Место прохождения практики

(ұйымның, кәсіпорынның атауы/наименование организации, предприятия)

Тәжірибенің басталуы/начало практики _____

Тәжірибенің аяқталуы/окончание практики _____

Есепті тәжірибе жетекшісі қарастырды/Отчет рассмотрен руководителем
практики от университета

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы/ Ф.И.О., должность, звание)

Есеп қорғалды/ Отчет защищен _____
(баға/оценка)

Кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің бағасы/
Оценка руководителя практики от предприятия _____
(баға/оценка)

Қорытынды баға/Итоговая оценка _____
(баға/оценка)

Комиссия _____
(Ф.И.О., қолы/подпись)

(Ф.И.О., қолы/подпись)

(Ф.И.О., қолы/подпись)

« _____ » _____ 20 _____ ж./г.

4-Қосымша - Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру сапасы және өту туралы сауалнама

Ф.П-112-10

Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру сапасы және өту туралы
САУАЛНАМА

Сапа және маркетинг орталығы Сізден осы сауалнамамен танысуыңызды және қойылған сұрақтарға жауап беруіңізді өтінеді.

Сіздердің жауаптарыңыз тәжірибені ұйымдастырудың сапасын және тиімділігін жақсартудың шаралар жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Нұсқасы ұсынылған жауаптары бар сұрақтарда Сіздің ойыңызша дұрыс жауапты білдіретін әріпті дөңгелектеп қоршаңыз.

Білім беру бағдарламасы _____

Тәжірибе базасының атауы _____

Тәжірибе базасын бағалаңыз:

1. Тәжірибе базасында Сіздің мамандығыңыздың саласы/даярлау бағыты бойынша құрылымдық бөлімдер болды ма?
а) иә б) жоқ
2. Сізге тәжірибе базасының білікті мамандары көмек көрсетті ме?
а) иә б) жоқ в) үнемі емес
3. Тәжірибе базасында кітапхана қорын, шеберхананы, зертхананы және т.б. қолдану мүмкіндігіңіз болды ма?
а) иә б) жоқ в) үнемі емес
4. Сіз жұмыс істеу жағдайын қауіпсіз деп есептейсіз бе?
а) иә б) жоқ
5. Аталған тәжірибе базасында Сізде тәжірибе бағдарламасында қарастырылған барлық оқу міндеттерін кешенді шешудің мүмкіндігі болды ма?
а) иә б) жоқ в) үнемі емес
6. Тәжірибе базасының материалдық-техникалық қамтамасыз етуі Сізді қанағаттандырды ма?
а) иә б) жоқ
7. Тәжірибені өту үшін Сіздің біліміңіздің теориялық деңгейі жеткілікті боды ма?
а) иә б) жоқ в) үнемі емес
8. Тәжірибе қаншалықты тиімді ұйымдастырылған?
а) тиімді б) тиімділігі аз в) тиімсіз
9. Егер Сіз алдыңғы сұрақтың 2-ші немесе 3-ші пунктін белгілесеніз, Сіздің ойыңызша тәжірибе неліктен тиімсіз өткізілді (жауаптардың бірнеше нұсқасын таңдауға болады)?
а) тәжірибенің ұйымдастырылуы нашар;
б) университет атынан тағайындалған тәжірибе жетекшісінің тарапынан тәжірибені өтуді жеткіліксіз бақылауы;
в) студенттердің тәжірибені өтуге қызығушылықтарының болмауы;
г) тәжірибе базасы басшылары тарапынан жұмыстың көптігі;

д) басқа да себептер, атап айтқанда

10. Тәжірибе бағдарламасындағы тәжірибені ұйымдастыру және өту бойынша әдістемелік нұсқаулықтың сапасына қанағаттандыңыз ба?

а) иә б) толық емес в) жоқ

11. Егер Сіз 10-шы сұраққа «жоқ» немесе «толық емес» деп жауап берсеңіз, онда себептерін көрсетіңіз: _____

12. Тәжірибені өтуден бұрын Сіз алдыңызға қандай мақсаттар қойдыңыз:

а) теориялық білімді тәжірибеде бекіту;

б) одан әрі жұмысқа орналасу үшін тәжірибе базасының басшыларымен жеке байланыс орнату;

в) тәжірибелік дайындықтың деңгейін жоғарылату;

г) жауаптың басқа нұсқасы _____

13. Тәжірибе кезеңінде университет басшылығы нақты көмек көрсетті ме?

а) иә б) жоқ в) үнемі емес

14. Сіз осы кәсіпорында еңбек жолын одан әрі жалғастырғыңыз келе ме?

а) иә;

б) жоқ;

в) мен мұнда әлдеқашан жұмыс істеймін;

г) менімен одан әрі ынтымақтастық туралы шарт жасады.

15. Тәжірибені өткеннен кейін болашақ мамандығыңыз туралы Сіздің ұғымыңыз өзгерді ме?

а) иә б) жоқ

16. Тәжірибені ұйымдастыру және өту бойынша Сіздің ұсыныстарыңыз, ескертпелеріңіз және өтініш-тілектеріңіз _____